

ТҮРКИЯ МЕН ИРАН ПРЕЗИДЕНТТЕРІ КЕЗДЕСТІ



20 желтоқсанда Иран Ислам Республикасының президенті Хасан Рухани Түркияға ресми сапармен барды. Мәртебелі мейманды Түркия Республикасының Президенті Режеп Тайып Ердоған резиденциясында ресми түрде күтіп алды.

Салтанатты шараға Түркияның қала құрылысы және қоршаған ортаны қорғау министрі Мурат Курум, Сыртқы істер министрі Мевлүт Чавушоғлу, Қаржы министрі Берат Албайрак, Өнеркәсіп және технологиялар министрі Мұстафа Варанк, Анкара қаласының мэрі Васип Шахин, Қорғаныс өнеркәсібі хатшылығының басшысы Исмаил Демир қатысты.

Екі мемлекет басшыларының жүзбе-жүз келіссөздерінен кейін жоғары деңгейдегі ынтымақтастық кеңесінің отырысы өтіп, жиын нәтижесінде бірқатар құжаттарға қол қойылды. Қол қою рәсімінен кейін Р.Ердоған мен Х.Рухани бірлескен баспасөз мәслихатын өткізді.

Содан соң, президенттер Чанкая сарайында өткен бизнес-форумға қатысты.

АСТАНА МЕН ТАШКЕНТ ОРТА АЗИЯЛЫҚ «ШЕНГЕН» ВИЗАСЫН ЕНГІЗЕДІ



2018 жылдың 21 желтоқсанында Өзбекстан мемлекеттік туризм комитеті төрағасының орынбасары міндетін атқарушы Улугбек Касымходжаев Өзбекстан мен Қазақстан 2019 жылдың ақпанынан бастап, «шенген» визасының орта азиялық нұсқасы саналатын ортақ Silk visa-ны енгізуді жоспарлап отырғанын айтты.

Оның айтуынша жаңа виза шетелдік туристерді Орталық Азия аймағына тарту мен бұл бағытты насихаттау мақсатын көздейді. Silk visa жобасын екі елдің тиісті құрылымдары келісіліп, талқыланған деді У.Касымходжаев.

Қазіргі таңда бірлескен визаға Қырғызстан мен Тәжікстан да қызығушылық танытып отырса керек. Сонымен қатар, Қазақстан тарапы жобаға Әзербайжан мен Түркияны да қосуды көздеп отырған көрінеді. Бұдан бұрын, Қазақстан Парламенті Сенатының халықаралық қатынастар, қауіпсіздік және қорғаныс комитетінің төрағасы Дариға Назарбаева өңірге туристерді молынан тарту үшін Өзбекстанға «шенген» визасының орталық азиялық нұсқасы саналатын Silk visa визасын әзірлеу туралы ұсыныс айтқан болатын.

ALSTOM ӘЗЕРБАЙЖАНҒА АЛҒАШҚЫ ЖҮК ЛОКОМОТИВІН ЖЕТКІЗДІ



20 желтоқсанда француздық Alstom компаниясы Әзербайжанға Prima T8 AZ8A жүк локомотивін жеткізді. Бұл локомотив «Әзербайжан темір жолдары» ЖАҚ-мен жасалған келісімге сәйкес өндіріліген 40 локомотивтің алғашқысы. Аталған локомотивтер Баку-Тбилиси-Карс темір жолында қызмет көрсетпек.

Жаңа локомотив жетінші желтоқсанда Астанадан шығып, Бакудегі Баладжары станциясына жеткізілді. Алдағы бірнеше айда Alstom компаниясы Әзербайжан темір жолында арнайы сынақ өткізеді.

«Біз «Әзербайжан темір жолдарымен» стратегиялық серіктер болып қалғанымызға әрі алғашқы жүк локомотивін Әзербайжанға жеткізгенімізге қуаныштымыз. Бұл өз кезегінде елдегі күн санап өсіп келе жатқан жүк тасымалына пайдалы боларына сенімдіміз», - деді француз компаниясының Батыс және Орталық Азиядағы атқарушы директоры Бернар Пелль.

Естеріңізге салар болсақ, Alstom компаниясы бұдан бұрын «Әзербайжан темір жолдары» компаниясына Prima T8 AZ8A жүк электровозын таныстырған болатын. Локомотивті таныстыру рәсімі Қазақстандағы

«Астана» арнайы экономикалық аймағында орналасқан Электровоз құрастыру зауытында өткен еді.

AZ8A алғашқы локомотиві «Әзербайжан темір жолдары» мен Электровоз құрастыру зауыты арасында 2014 жылы жасалған келісімге сәйкес құрастырылды. Аталған келісім бойынша зауыт Әзербайжанға 50 локомотив жасап беруі керек еді. Олардың 10-ы Prima M4 AZ4A жолаушы локомотиві еді.

AZ8A локомотиві Prima T8 сериасына кіретін ауыр жүк локомотиві. Бұл көліктер Қазақстанда қолданылатын KZ8A локомотиві негізінде жасалған. AZ8A локомотивтері -25 тен 50 градус аралығында жұмыс істеуге жарамды.

Баку-Тбилиси-Карс темір жолы 2017 жылдың 30 қазанында Баку халықаралық теңіз портында ашылды.

Баку-Тбилиси-Карс темір жолы әзербайжан-грузин-түрік халықаралық келісімі негізінде салынды. Бастапқы кезеңде аталған темір жол арқылы жылына 6,5 миллион тонна жүк пен 1 миллион жолаушы тасымалданады деп жоспарланған.

ҚЫРҒЫЗСТАН ПАРЛАМЕНТІ 80 ЖЫЛДЫҒЫН АТАП ӨТТІ



21 желтоқсанда Қырғызстан астанасы Бішкек қаласындағы «Ала-Арча» резиденциясында Жогорку Кенештің 80 жылдығына арналған салтанатты шара өтті.

Шараға Қырғызстан Президенті Сооронбай Жээнбеков және экс-президент Роза Отунбаева, Премьер-министр Мұхаммедкалый Абылгазиев, Жоғары сот төрағасы Гүлбара Калиева, дипломаттар мен халықаралық ұйымдардың өкілдері, заң шығарушы органның депутаттары қатысты.

Шараға орай Жогорку Кенештің баспасөз қызметі арнайы фото көрме мен хроникалық деректі фильм әзірледі. Одан соң Қырғызстан әнұраны ойнатылып, лауазымды тұлғалар баяндама жасады. Жиын Қырғыз Республикасы Жогорку Кенешінің 80 жылдығына арналған ғылыми-тәжірибелік конференцияға ұласты. Конференция соңында арнайы қарар қабылданды.

ӨЗБЕКСТАН ПРЕЗИДЕНТІ АЗИЯДАҒЫ «ЖЫЛ АДАМЫ» БОЛЫП ТАНЫЛДЫ



21 желтоқсанда оңтүстік корейлық The Korea Times басылымы Азия журналистер ассоциациясы Өзбекстан Президенті Шавкат Мирзиеевті Азиядағы «Жыл адамы» деп танығанын хабарлады. Жеңімпаздарды ассоциация мүшелері мен әр аймақ өкілдерінің ұсыныстары негізінде қазылар алқасы анықтаған.

Өзбекстан басшысы «саясат» номинациясы бойынша жеңімпаз деп танылды. Бұл атақ оған Орталық Азиядағы бейбітшілікті сақтауға және өңірді дамытуға, көршілермен белсенді әріптестік қатынас орнатуға қосқан үлесі үшін берілді.

Өз номинациялар бойынша жеңімпаз деп танылған тұлғалар арасында LG Group компаниясының құрметті өкілі Ку Бон Му, мысырлық танымал кардиохирург Мағди Хабиб Якоб және футболдан Вьетнам ұлттық құрамасының жаттықтырушысы Пак Хан Со бар.